

**Карантинді тоқтату және Шақа ауылдық округі әкімінің 2016 жылғы 14 қарашадағы " Лебязжі ауданы Шақа ауылдық округі Шоқтал ауылының аумағында карантин белгілеу туралы" № 1 шешімінің күші жойылды деп тану туралы**

Павлодар облысы Лебязжі ауданы Шақа ауылдық округі әкімінің 2017 жылғы 14 ақпандағы № 3 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 27 ақпанда № 5392 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35-бабына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі " Ветеринария туралы" Заңының 10-1 бабына сәйкес, Лебязжі ауданының мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бас инспекторының ұсынысы негізінде, Шақа ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Лебязжі ауданының Шақа ауылдық округі Шоқтал ауылының аумағында ірі қара мал арасында қарасан ауруын жою бойынша ветеринарлық-санитарлық іс-шаралар кешенінің орындалуына байланысты белгіленген карантин алынсын.

2. Лебязжі ауданының Шақа ауылдық округі әкімінің 2016 жылғы 14 қарашадағы " Лебязжі ауданы Шақа ауылдық округі Шоқтал ауылының аумағында карантин белгілеу туралы" № 1 шешімінің (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5272 болып тіркелген, 2016 жылғы 26 қарашада аудандық "Аққу үні - Вести Акку" газетінің № 48 санында жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күннен соң бастап қолданысқа енгізіледі.

Шақа ауылдық  
округінің әкімі  
"КЕЛІСІЛДІ"

*Т. Тлеуқенов*

Қазақстан Республикасы  
Ауыл шаруашылығы  
Министрлігі ветеринариялық  
бақылау және қадағалау  
Комитетінің Лебязжі  
аудандық аумақтық  
инспекциясының басшысы  
2017 жылғы "14" ақпан

*Ғ. Сағалов*